

Бекітемін

№29 «Ай- Керім» бөбекжай
бақпасының меңгерушісі:

_____ А.И. Хожамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі «Мамандықтың бәрі жақсы»



«Айкөйлек» мад тобы

Тәрбиеші: Абжанова.Р

2021-2022ж

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тобы: «Айкөйлек» мад тобы

Білім аумағы: Таным, Қатынас, Шығармашылық, Әлеумет

Білім бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, Көркем әдебиет, Сурет салу, Мүсіндеу..

Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айырықшаланатын мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру.

Білімділік: Мамандық түрлерімен таныстыру.

Дамытушылық: Мамандықтар туралы балалардың білімдерін кеңейту арқылы балалардың сөздік қорын, ой-өрісін, шығармашылық қиялын дамыту. Адам өміріндегі іс-әрекеттің маңызын көрсету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.

Тәрбиелілік: Әр түрлі мамандық түрлеріне және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: маман, тігінші, дәрігер, аспазшы, ұста, етікші, мұғалім, т.б.

Қолданылатын құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер: мамандық иелерінің суреттері.

Қостілділік компонент: тігінші-портниха, дәрігер-врач, шаштараз-парихмакер, профессия-мамандық.

Балалардың ойлау іскерліктерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: Слайдтар, суреттер, таратпа құралдар, үлгі суреттер ертегі кейіпкерлері, электронды киіз үй, Музыка ұнтаспадан

Блингвалдық компоненттері:

Инклюзивтік әлеумет: Элинаны өзіме жақын тартып ертегіге қызықтырамын

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Мотивациялық қозғаушылық кезең	« Ай-Керім» аты бақшаның Тәрбиелі баласы Ең алдымен қонақпен Сәлемдесіп алады. Тілек шеңбері Жарқырап күн ашылды, Айналаға гүл ашылды. Көк аспанда күн күлсін, Бірге жүрсін бүлдіршін. Қайырлы күн достарым, Қайырлы күн қонақтар! Проектордың көмегімен жыл мезгілдерінің сыйлықтарына назар аударады.	Тілек шеңберінде тұрып барлығы бірге өлең шумақтарын айтады.

Ұйымдастырушы –
ізденушілік

Тәуелсіз мына заманда,
Сұраныс көп маманға.
Нағыз маман пайдалы,
Мемлекет, қоғам, адамға – деп бүгінгі оқу іс-
әрекетімізді бастаймыз.
Балалар қазір Жылдың қай мезгілі?
Көктем мезгілінде Неше ай бар?
Балалар, бүгінгі оқу іс — әрекетіміздің тақырыбы
«Мамандықтың бәрі жақсы» деп аталады.
Біз бүгін мамандық иелері туралы өтеміз.
Барлық мамандар өмірде өте қажет екен.
Балалар сендер балабақшада күнде қандай мамандық
иелерімен
кездесесіңдер?
Директор, тәрбиеші, т.көмекшісі, медбике, аспазшы.
Балалар олай болса жұмбақ шешіп,
-Сендердің кім болғыларың келетіндігін мен жазып
алып, «Арман гүліне» іліп қоямын.

-Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын ал
сендер оның жауабын тауып көріңдер

Мектептің жүрегі, білімнің тірегі. (Мұғалім)
— Өте жақсы, олай болса бүгін бізде Гүлім мұғалім
болады.
Жақсы оқып сабақты
Білім алып толамын
Бөбектерді оқытар
Мен мұғалім боламын!
(Гүлім мұғалім болып, балалармен әңгімелеседі)

2) Сауықтырар сырқатты, жылы үнмен тіл қатты.
(Дәрігер)
— Өте жақсы, Зере бізде дәрігер болады.
Кішкене әлі баламын,
Таудай болар талабым.
Ақ халатты абзал жан,
Мен дәрігер боламын.
— Балалар қанеки Айдарбек-Данияр бала шығып,
дәрігеріміз Зеренден ем қабылдайық.

3) Тікті әсем киімді, Дүкенге әкеп ілінді.(Тігінші)
Тігінші қызымыз Жәудірді шақырайық:
Өрнектетіп, сәндетіп
Тігістерін бүгетін
Тігінші болам мен ертең.
Киім — кешек тігетін!
— Балалар мен Жәудірге өзімнің бет орамалымды
тіктіргім келіп тұр.(тігін машинасымен іс тігіп
балаларға көрсетеді)
— Біздің балаларымыз қандай өнерлі.
4) Тыныштығын Отанның,
Күзететін адам кім?
(Солдат)
Біздің арамызда ел қорғаны болам деп Асхат, Диас,
Айдын бар екен. Олай болса ұландарымызды
шақырайық:
Бір, екі, үш

*Проекторға назар
аударып «Көлеңкесі
арқылы ертегі
кейіпкерлерін табады.»*

Жұмбақтарды шешеді

*Таратпа құралдар
арқылы түстеріне
сәйкес суреттерді
каламның көмегімен
қосады.*

Рефлексивті-
түзетушілік

Бойға жинап күш
Шынығамын таңертең
Ағалардай Отанға
Солдат болам мен ертең!
5) Тәртіп заңды сақтайды, ел сенімін ақтайды
(полиция) Нұрасыл
Алатаяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған.
Өмірінді күзеткен,
Ысқырығы күшті адам.
Мен полиция боламын
6) Тәп тәтті тамағы, тамақтың маманы (Аспазшы)
Біздің бүгінгі аспазымыз Жазира – Зере2
Жазира: Дәмді тамақ пісіріп
Өнерлі бала боламын
Халқым сүйген ардақты
Мен аспазшы боламын.

СЕРГІТУ СӘТІ: Балалар мың бұралған биші де бір
мамандық иесі екен. Олай болса біз де бойымызды
сергітіп биші болып, би билейік.

Сергіту сәті: Жаттығу биі.
Дидактикалық ойын: «Кім жылдам»
Үстел үстіне түрлі мамандық иелеріне қажетті
құралдарды қойып, төрт баланы шығарамын, төрт
баланы төрт түрлі мамандық иесіне бөлемін, ойын
шартын түсіндіремін. Төрт бала өзіне қажетті
құралдарды тез – тез кескін суреттерді құрастырып
алады. Алған құралдарымен не істеуге болтындығын
айтады және өскенде сол маман иесі болғысы
келетіндігін айтады.

ТАҚПАҚТАР
Тұрақбай (ғарышкер)
Көкке ұшамын —
Ұшқыш болар баламын.
Соңына ерем
Ер ғарышкер ағаның

Алихан (шаштараз)
Сән үлгісін қиятын
Шаштараз болам жолына
Түрлі — түсті шаш қиып
Қызмет етем халқыма.

Нұрғалым Құрылысшы:
Қолда темір қалағым
Саздан сарай саламын.
Астанада аумамайтын
Әсем қала саламын.
Мен құрылысшы боламын

Аян (Өрт сөндіруші)
Армандаймын мамандық,
Көңілім бар таланттық.
Өрт сөндіруші қалауым,

Сергіту сәтін қимылмен
жасайды.

Ия біледі

Мамандыққа
байланысты өлең
шумақтарын айтады

Батыр мықты боламын.

Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң, арқалан,
Сенде бір — кірпіш дүниеге
Кетігін тап та бар қалан!
Балалар осындай мамандық иесі болу үшін білімді,
тәрбиелі болып ер жетуіміз керек.

Өте жақсы балалар.
Балаларды мадақтау

-Енді барлығымыз тақтаға назар аударайық,
Проектордың көмегімен ойын ойнайықшы.

Д/О: «Көлеңкесі арқылы тап»

**Д/О: «Көжекке далаға шығу үшін қай зат керек
және не үшін
кажет?»**



*Тапсырманы қызыға
ойнайды*

(проектордан жаңбыр жауып тұрған кездегі
қоянға керек заттардың суреттері көрсетіледі)
«Әр заттың жұбын тап және олар бір—біріне не
үшін керек?»

Таратпа құралдар арқылы балалар ойынды
каламның көмегімен қосу керек.

*Ойынды қызыға
ойнайды*

Сергіту сәті:


**Шаршасандар балалар
Қолдарыңды соғындар
Саусақтармен ойнандар.
Қолдарыңды сермендер.
Денелерің шынықсын,
Саналарың тынықсын.**

Д/О: « Өз ұяшығын тап »

Ойынның шарты: Алдымызда тұрған торларға
санай отырып оң жақ, сол жақ ,ортасы, жоғары
төмен ұғымдарын меңгерту.



Жарайсындар балалар .



Балалар бүгінгі оқу қызметіндегі көңіл күйлерінді алдымызда тұрған шарлардағы бейнелер арқылы көрсетейікші.

Балалар біз бүгін не істедік?
Жылдың қай мезгілі?
Бізге қонаққа кімдер келді?
Бүгінгі іс-әрекет сендерге ұнады ма?

*Ойынды қызыға
ойнайды*

*Шығармашылық
алаңында жұмыс
істейді*

*Көңілді шарлар арқылы
бүгінгі көңіл күйлерін
көрсетеді.*

*Сұрақтарға толық
жауап береді.*

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: ойындардың аттарын шарттарын біледі

нені білу керек: Мамандық түрлерін білеуі, құралдарын атай білуі керек.

Нені игеру керек: Суретке қарап, әңгіме құрауды.

Нені біледі: Үлкендердің , мамандық иелерінің еңбегін бағалай біледі.